

6. Оқу және өздігінен білім алу мотивациясын дамыту.
7. Ғылым негіздерін жан- жақты және терең меңгеруі негізінде білім алушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру.
8. Жалпы орта білім беру деңгейінде оқу ісіндегі оң мотивация мен іскерлік дағдыларын тудыру. Баланың тұлғалық қасиеттерінің, оның қоршаған ортаға эмоционалдық- құндылық қатынасының, таным әрекетіндегі жеке қабілеттері мен шеберліктерінің дамуын қамтамасыз ету.
9. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігін қамтамасыз ететін әдістемелік қызмет моделін жетілдіру.
10. Дарынды балалармен мақсатқа бағытталған жұмысты жүйелі түрде жалғастыру.
11. Педагогтар мен оқушылардың зерттеушілік жұмысын ұйымдастыру және жетілдіру.
12. Педагогтардың өздігінен білім алуын, олардың шығармашылық өсуін ұйымдастыру және жетілдіру.
13. Педагогтардың тәжірибесін жалпылауды әдістемелік материалдар шығару арқылы белсендіру, интернет желісіне орналастыру. Мұғалімдердің желілік байланысын орнату.
14. Класс ұжымын жұмыс жүргізуде жаңа тәрбиелік технологияларды оқып үйрену және қолдану.

Оқушыларға арналған оқу жүктемесі МЖМБС талаптарына сай жасалған. Әр сынып бойынша апталық сағат жүктемесі:

Сыныптар	Апталық жүктемесі
1	22,5 сағат
2	24 сағат
3	27 сағат
4	27 сағат
5	31 сағат
6	31 сағат
7	34 сағат
8	35 сағат
9	36 сағат
10	37 сағат
11	37 сағат

1) Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі.

Мектепалды даярлық сыныптарында білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557